



Ақмешіт

23 қыркүйек
сейсенбі

№72 (2185)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

■ СЫР САҢЛАҒЫ

Қазақ спорты үшін тағы бір тарихи оқиға
тіркелді. Қызылордалық балуан, грек-рим
күресінің шебері Айдос Сұлтанғали Әлем
чемпионатының алтын жүлдесін иеленіп,
күллі елдің мерейін үстем етті.

АЙДОС СҰЛТАНҒАЛИ — ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Хорватия астанасы Загреб қаласында өткен дүбірлі
додада 60 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған жер-
лесіміз қарсыластарына дес бермей, финалдық белде-
суде өзбек балуаны Алишер Ганиевті 9:0 есебімен
ойсырата жеңіп, Әлем чемпионы болды.

Айдос Сұлтанғалидың бұл жеңісі тек Сыр елі үшін
емес, қазақ спорты үшін тарихи оқиға. Себебі грек-рим
күресінен еліміздің спортшылары әлем чемпионатының
алтын жүлдесін соңғы рет осыдан 26 жыл бұрын
иеленген болатын. 1998 жылы грек-рим күресінің
данқты өкілі Бахтияр Байсейітов ел қоржынына әлемдік
додадағы ең жоғарғы жүлдені салған еді. Сол сәттен
кейін талай мықты балуан финалға шығып, алтыннан
дәмелі болғанымен, шешуші сәтте жеңіс бұйырмады.
Міне, араға ширек ғасырдан астам уақыт салып, қазақ
балуандарының арманын Айдос жүзеге асырды. Ол көк
байрағымызды биікте желбіретіп, ел қоржынын
алтынмен қанжығалады. Айдос Сұлтанғалидың
чемпиондық жолы аса тартысты өтті. Алғашқы
айналымда америкалық қарсыласын айқын
басымдықпен ұтса, екінші белдесуде корейлық
балуанды тізе бүктірді. Жартылай финалда
грузиялық Амиран Чавадземен күресіп, өзінің
мықтылығын дәлелдеді. Ақтық сында өзбек
спортшысын айқын есеппен ұтып,
жеңіс тұғырына көтерілді.

Айта кету керек, Айдос
Сұлтанғали бұған дейін екі мәрте
Әлем чемпионатының қола жүл-
дегері атанған болатын. Енді
міне, өзінің ең биік арманына
кол жеткізіп, әлемнің үздігі
атанды. Осы тарихи жеңістің
маңызына тоқталған ай-
мақ басшысы Нұрлыбек
Нәлібаев чемпионды ар-
найы құттықтап, оның
жетістігі күллі қазақ
спорты үшін үлкен
мақтаныш екенін атап
өтті.

— Бүгін — еліміздің,
Сыр өңірінің спорт
саласындағы тарихи
күн! Жерлесіміз Айдос
Сұлтанғали Әлем чем-
пионы атанып, көк
туымызды Хорватия-
ның көгінде желбіретті.
Айдостың бұл жеңісі
барша халқымыздың
мерейін үстем еткен
тарихи оқиға, Сыр
спортының абыройын
аскастатқан үлкен же-
тістік. Құрметті сыр-
бойлықтар, тарихи
жеңіс баршаңызға құтты
болсын! — деді облыс әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев.

Нұржан
НҰҒЫМАДИЛЛА



2-БЕТТЕ

ӨСУ ТРАЕКТОРИЯСЫ: Цифрлық дәуірдегі экономика



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан
халқына Жолдауында еліміздің
әлеуметтік-экономикалық дамуы мен
қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты
мақсат екенін атап өтті. Президент
соңғы жылдары елде саяси жаңғыру
жүріп, мемлекеттік институттарға
деген сенім арта бастағанын айтты.
Сонымен бірге Президент экономика
саласында да ірі реформалар жүзеге
асырылып жатқанын жеткізді.

— Қазір ел экономикасында рефор-
малар жүргізіліп жатыр. Инфра-
құрылымға және жана өндіріс
орындарын ашуға қомақты инве-
стиция салынып жатыр. Мұның бәрі
халықтың әл-ауқатын және еліміздің
әлеуетін арттыру үшін жасалып
жатқаны айдан анық, — деді Мемлекет
басшысы.

Президент цифрлық технология-
ларға ерекше назар аударды.
Жолдауда Президент «Қазақстан
үш жыл ішінде міндетті түрде
жаппай цифрлық ел болуы керек.
Біз жаппай цифрландыру және

жасанды интеллект технологиясын
барынша енгізу арқылы экономиканы
жаңғыртуымыз қажет» деп атап
өтті. Ол цифрландыру үдерісіне
құқықтық негіз жасау үшін цифрлық
кодексті тезірек қабылдап, заңда
цифрландыру үдерісінің негізгі ба-
ғыттары, соның ішінде жасанды
интеллект, платформалық экономика,
үлкен дерекқорларды пайдалану
және басқа да мәселелер айқындауға
тиіс екенін атап көрсетті. Сонымен
қатар Президент цифрлық транс-
формацияны басқаратын арнайы
ұйым құруды ұсынды.

Инвестиция тарту мәселесін
Мемлекет басшысы басты орынға
қойды.

— Елімізге қомақты инвестиция
тарту керек. Қазіргі инвестиция
тарту саясаты мардымды деп айта
алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат
салаларына құйылып жатыр, — деген
сын айтты.

Президент өңдеу өнеркәсібіне
көбірек қаражат тарту қажеттігін
атап көрсетіп, үкімет инвестиция
саясатына басқаша көзқараспен қарап,
қажет болса, жоғары технологияларға
салынатын инвестицияларға жеңілдік
беруге болатынын тілге тиек етті.

Банктердің экономиканы қаржы-
ландыру мәселесі де ескерусіз
қалмады. Тоқаев банктердің басым
бөлігі қауіпсіз бағыттарға қаражат
салатынын сынға алды.

— Ұлттық банк пен Үкімет банк-
тердің ақшасын экономикаға барынша
тартудың тиімді тәсілдерін табуы
қажет... Банктер туралы заң қабылдау
осы бағыттағы маңызды қадам бол-
мақ, — деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық қаржы құрал-
дарына қатысты шаралар қабыл-
дауды тапсырды. Ол «цифрлық ак-
тивтердің толыққанды экокүйесін
тезірек қалыптастыру қажеттігін атап
көрсетті.

— Цифрлық теңгені республика-
лық және жергілікті бюджетте,
мемлекеттік холдингтердің бюджет-
інде пайдалануға болады. Сондай-
ақ Ұлттық банк инвестициялық кор-
порациясы шеңберінде Мемлекеттік
цифрлық активтер қорын құру қа-
жет, — деді Президент Қазақстан хал-
қына Жолдауында.

2-БЕТТЕ

■ ЖОЛДАУ – 2025

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылғы Жолдауында елдің алдағы даму бағытын айқындап, стратегиялық міндеттерді нақтылай түсті. Бұл құжат – мемлекеттің келешек жылдарға арналған даму картасы, саяси жаңғырудың жаңа кезеңін ашатын бағдар және әлеуметтік-экономикалық өркендеудің басты бағыттары болып табылады. Жолдау тек тапсырма ғана емес, әрбір азаматтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастама. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру мақсатында қалалық жиын өтті. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы, депутаттар, ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік мекеме басшылары, кент пен ауылдық округ әкімдері, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым және жастар белсене қатысты.

Жиында қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсын-
баев жолдаудан туындайтын айқын міндеттерді
жүзеге асыру – ортақ іс екенін, тапсырылған міндеттің
ауызбіршілік пен бірлесіп жұмыс істеудің маңызы зор
екенін атап өтті. Қатысушылар Мемлекет басшысының
жолдауында көрсетілген өзекті мәселелерді талқылап,

ел игілігіне қызмет ету басты талап екенін тілге тиек
етті.

Президент Жолдауының ең өзекті тұсы – Қазақстан-
ды жаңа цифрлық дәуірге бейімдеу. Бұл елдің бәсекеге
қабілеттілігін арттырып, инновациялық экономиканы
қалыптастыруға негіз болатын салмақты міндет.

— Жасанды интеллектті дамыту – бүгінгі
күннің талабы ғана емес, ертеңгі өркеніеттің басты
бәсекесі. Қазақстан осы үдерістен қалыс қалмауы
қажет. Жасанды интеллект тек цифрландыру емес,
ол денсаулық сақтау, білім беру, қаржы, қауіпсіздік
және басқа да секторлардың тиімділігін арттыратын
әмбебап құрал. Осындай стратегиялық мақсат
аясында мемлекет басшысы үш нақты тапсырманы
белгіледі: біріншіден, ҚР үш жылдың ішінде кен
ауқымды цифрлық елге айналуы тиіс; екіншіден,
цифрлық кодекс қабылдануы қажет, үшіншіден,
жасанды интеллект пен цифрлық дамуға жауапты
министрлік құрылып, оны вице-премьер басқаруы
тиіс, — деді Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла
Құттықожаев.

3-БЕТТЕ

ЖАРҚЫРАП ӨТКЕН БІР БЕЙНЕ...



Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасында Сыр елінің ардақты ұлы,
жазушы-журналист, халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері, мәдениет қайраткері Жақсылық
Рахматуланың 80 жылдығына арналған «Қиясы
біік қаламгер» атты облыстық ғылыми-танымдық
конференция ұйымдастырылды.

Айта кетейік, 1996-2008 жылдар аралығында «Сыр бойы»
газетінің бас редакторы қызметін Жақсылық Рахматулла атқарды.
Қазақ әдебиеті және журналистика тарихында Жақсылық
Шайманұлының есімі құрметпен аталады. Қаламгердің артында
«Алғашқы берген аяулы», «Өмір самалы», «Болашаққа сенім»,
«Ғұмырдария», «Жібек жолындағы жұлдыздар», «Сағым жылдар»,
«Кие», «Хикаяттар», «Дала толғауы», «Меңсұлу» (роман),
«Қызғалдақ қалың шыққан жыл» шығармалары бар.

4-БЕТТЕ

Өткен аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс 41-сес-
сиясы өтті. Сессияға қала әкімі Нұржан Ахатов қатысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық еткен
жиында «2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін
бекіту туралы» қалалық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі
қаралды. Қызылорда қаласы бойынша округтік және учаскелік сайлау
комиссияларында қалыптасқан бос орындарды толықтырып, тиісті өзгеріс
енгізілді.



Сессияда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй сатып алу,
қаланың архитектуралық-сәулеттік келбеті мен туристік әлеуетін арттыру,
жолдарды жөндеу, тұрғындарды ауызсумен жабдықтау, кәріз желілерін
жүргізу, «Сабалақ» елді мекенін газдандыру мен осы елдімекендегі су
қоймасының құрылысын жүргізу мәселесі талқыланды. Оған қоса, ағын
суларды биологиялық тазарту станциясын жаңғырту, автоматтандыру және
басқа да ауқымды жұмыстарды атқару үшін 2025-2027 жылға арналған
қалалық бюджетті нақтылау туралы ұсыныс енгізілді.

Сессияда сөз алған қала әкімі Н.Ахатов бірқатар мәселеге тоқталды.
— Жыл басында 73,1 млрд теңге болып бекітілген қала бюджеті 8 айдың
қорытындысында 144,2 млрд теңгеге жетіп, екі есеге жуық артты. Салық
базасын кеңейту жұмыстары аясында 499 нысан қайта бағаланып, олардың
жалпы құны 13,5 млрд теңгеден 60,5 млрд теңгеге өсті. Бұл нақтылау тек
қарапайым қаржылық түзету емес, ол – тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын
арттыруға тікелей әсер ететін қадам. Сумен жабдықтау, газдандыру,
жолдарды жөндеу, аула мен ойын алаңдарын абаттандыру, сондай-ақ
әлеуметтік осал топтарды қолдау – барлығы да қоғамның сенімін ақтауға
бағытталған шаралар, — деді қала әкімі.

Өзекті мәселелерді талқылау барысында қалалық мәслихат депутаттары
М.Есжанов, А.Төлегенова, М.Әбдіқаликов, Р.Ысқақовалар өз сайлау округі-
не қарасты тұрғындардың көтеріп келе жатқан мәселелерін ортаға салды.

Сессияға ұсынылған барлық мәселелер қаралып, тиісті шешім
қабылданып болды.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ӨСУ ТРАЕКТОРИЯСЫ:

Цифрлық дәуірдегі экономика

Жолдаудағы тапсырмаларды орындау

2025 жылғы 15 қыркүйкеге өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары ұсынылды. Оның құрамында 87 іс-шара қарастырылғанын Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин баяндады.

Жұманғарин баяндады.

Жоспарда экономикаға қатысты басымдықтар нақты анықталды. Атап айтқанда, жоғары технологиялық секторларға Ұлттық қор қаражаты есебінен 1 млрд АҚШ долларына дейін инвестиция тарту қарастырылып, инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылмақ. 2026 жылдың қантарына дейін жаңа «Банктер туралы» заң қабылданып, банк нарығына жаңа қатысушыларды кіргізіп, қаржыны нақты экономикаға бағыттауға мүмкіндік бермек. Сонымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес цифрлық активтер нарығын дамыту мақсатында «Alatau City» аумағында крипто-фиат төлем арналары жұмыс істейтін іскерлік-инновациялық орталық құру жоспарланып отыр. Мемлекеттік цифрлық активтер қорын құру да көзделген, бұл қазынаға болашағы зор активтерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Орталық Азияда көшбасшы болды. Инвестицияның үлкен үлесі газ-химия жобаларына бағытталды. Қатарлық UCC компаниясы \$11 млрд газ инфрақұрылымына салуды қолға алды. Инвестиция штабы құзыреті күшейтіліп, металл өңдеу, мұнай-химия, туризм, энергетика мен машина жасау секілді салаларға жоба жылдамдатылды. 2025 жылдың 7 айында негізгі капиталға салынған инвестициялар 9,9 трлн теңге (үдемелі 16,1% өсу) болды. Инвестицияның басым бөлігі тау-кен, көлік-логистика, білім, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтер салаларына тартылды. Инвесторларға «жасыл дәліз» арқылы жеңілдіктер енгізіліп, ірі жобаларға қолдау көрсетілді. Кейбір әкімшілік кедергілер азайтылып, бизнеске салық саясаты тұрақтылығы қамтамасыз ету шаралары қабылданды. Жолдау тапсырмасын кенінен орындай отырып, Үкімет халықаралық инвестициялық форумдар арқылы елге қаржы тартуда.

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы

2024 жылғы Жолдауда өнеркәсіпті қайта құру, өңдеулі терендету міндеті қойылды. 2024 жылы өңдеу өнеркәсібі жалпылай өсім көрсетті (қантар-шілдеде 6,1% өсім). Мемлекеттік статистика деректеріне сүйенсек, өңдеу

Қаржы секторы

Қаржы секторындағы реформалар бойынша жаңа заңнамалар әзірленуде. 2024 жылғы Жолдауда ескі «Банктер туралы» заңды жаңарту, қаржылық технологиялар мен ипотеканы дамыту қажеттігі айтылды. 2024 жылы қаржы нарығы тұрақты болып, банктік сектор тұрақтылығын сақтады. Халықаралық банк жумысының ақпараттарына сүйенсек, Қазақстандық банктердің жумысына сенім артып, тұтынушылық несие берудің өсуі бөседі. Банктер мен микроқаржы ұйымдарының реттеуі күшейіп, банк төлем қағидаларын жаңарту бойынша ұсыныстар жасалды. Жалпы, қаржы секторын ындау бойынша міндеттердің көпшілігі орындала бастады.

Инфрақұрылым және көлік

Инфрақұрылымды жаңғырту Жолдауда басым алған бағыт болды. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсына жарияланған ақпаратына сүйенетін болсақ, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қойылған міндеттерді орындау шеңберінде 12 жолдың шақырым жолға құрылыс, жөндеу және реконструкциялау жұмыстары жүргізілді, оның 7-інің шақырымында негізгі жұмыстар аяқталды. Жобаға 10 мыңнан астам техника мен 25 мың маман қатысты. Нәтижесінде, республикалық маңызы бар жолдардың қалыпты жағдайды 93%-ға, ал жергілікті жолдардың нормативтік жағдайды 89%-ға дейін жақсарды.

– Цифрландыруға айрықша көңіл бөлінуде. Электронды билеттер, цифрлық диспетчер қызметі, алдын ала техникалық қызмет көрсету, интеллектуалды көлік жүйелері енгізіліп жатыр», – деді көлік вице-министрі Мәкшат Қалиақпаров.

Мақсат Қалиақпаров.

2024 жылғы Жолдау аясында қолға алынған экономикалық бастамалар Қазақстанның даму бағытына жана қарқын берді. Бір жылдың ішінде макроэкономикалық тұрақтылық сақталып, ЖІӨ өсімі жоспарланған межеден асып, инвестиция көлемі артты.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жан-ғырту жұмыстары, ауыл шаруашылығын қолдау шаралары және көлік-логистика инфрақұрылымын жанарту нақты нәтижесін көрсетті.

Цифрлық трансформация саласында жасанды интеллектті енгізу, жаңа министрліктің құрылуы және цифрлық тенге сияқты бастамалар ел экономикасын нығайтты.

Болашағын айқындайтын стратегиялық қаламдар айналды.

иялык кадамдарга айналды.

Салык	реформасы,	банк
заннаамасын	жанартуу	жөне
каржы секторындагы өзгөрсис-		
тер де экономиканы өртарап-		
тандырууга, бизнеске коялайлы		
орта калыпташтырууга негиз		
болды. Аул шаруашылыгында		
«Аул аманаты» багдарламасы		
аул кәсіпкерлігін нығайтып,		
азық-түлік қауіпсіздігін қамта-		
масыз етуге ықпал етті.		
Инфрақұрылымдық жоба-		
лардың жүйелі іске асуы		
өнірлердің дамуын жедел-		
детіп, жаңа жұмыс орындарын		
ашуға жол ашты.		

Жалпы алғанда, 2024 жылғы Жолдау тапсырмаларының орындалуы Қазақстан экономикасының жаңғыруы мен тұрақты өсуінің нақты дәлелі болды. 2025 жылы бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру елдің жандандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жаңа технологиялық және инвестициялық мүмкіндіктерді толық игеруге мүмкіндік бермек.

София
ТЕМІРБОЛАТ

2024 жылғы Жолдауда өнеркәсіпті қайта құру, өңдеуші терендету міндеті қойылды. 2024 жылы өңдеу өнеркәсібі жалпылай өсім көрсетті (қантар-шілдеде 6,1% өсім). Мемлекеттік статистика деректеріне сүйенсек, өңдеу саласына инвестиция мен өндіріс аргыуы он баға беруде. Мысалы, автоөнеркәсіпті қолдау шаралары арқылы жеңіл көлік шығару 2024 жылы 40% өсіп, зауыттар жаңғыртылды. Аумақ

Жолдаудағы экономикалық міндеттерді орындау аясында елде цифрландыру, инвестиция тарту және қаржы секторын реформалау бағытында ірқарат оы қадамдар жасалды. Әлі де атқарылуы тиіс жұмыстар бар, алайда өткен жылда белгіленген жоспарлар бойынша нақты ілгерілеу болғаны айқын.

шаруашылығы
өнімдерін
өндiгiн
зауыттар
құрылып,
өсiмдiк
майы
өндiрiсi
+24%,
сары май
+10,4%,
шұжық
+0% өсiсi

көрсетті. Елдегі негізгі экспорт өнімдерін ондеу кеңейтілді. Жылу және электр желілерін жаңғырту мақсатында «Тарифті инвестицияға айырбастау» саясаты іске асуда. Жеке энергетика компанияларын инфрақұрылымға ақша салуға ынталандыру тетіктері енгізілді. Елді мекендерді газландыру қарқыны үдей түсті. Жабдыктарды жөндеу жұмыстарына 600 млрд теңге бөлінді. Соның арқасында елдегі ЖЭО-лардың орташа тозуы 61 пайызға дейін төмендеді. 2024 жылғы Жолдаудың қорытындысында энергетика мен көлік инфрақұрылымын

Инвестицияның басым бөлігі тау-кен, көлік-логистика, азыл-ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік сектордағы сақтау мен әлеуметтік қор салаларына тартылды. Компанияларға «жасыл дәліз» арқылы қолдау көрсетіліп, ірі жобаларға қолдау беріледі. Кейбір өкімшіліктер азыл-ауыл, бизнеске қолдау саясаты тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

жаңғырту
бойынша ірі
инвести-
циялық
жобалар
қарқын
алды.
Жолдау-
да
аграрлық
ғылым

тапсырылды. «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2024 жылы 50 млрд тенге бөлінді, 25 мыңнан астам ауыл жобасы қаржыландырылып шамамен 30 мың жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Мемлекеттік бағдарламаға 2026-2028 жылдарға қосымша шамамен 450 млрд тенге жоспарланып отыр. Аграрлық ғылымды дамытуға да көңіл бөлінді. Дақыл селексиясы мен тұқым шаруашылығын дамыту жоспары қабылданды. Сонымен қатар фермерлерді қаржылай қолдау жүісі кеңейіп, «тауар несиесі» тәрізді жаңа механизмдер қарастырылуда. Егіншілікте су үнемдеу технологиялары енгізіліп, 2024 жылы қатты су тасқынына қарсы шаралар нәтижелі болды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен экспортқа шығару үшін жаңа зауыттар салынып, өңдеу өнеркәсібі арқылы азық-түлік қауіпсіздігін күшейту ағытында кешенді жұмыстар нәтижелі жүргізілуде.

Жолдаудың цифрлық бастамалары да іске асуда. Мәжіліс 3 күрүйкейте Цифрлық кодекс жобасын бірінші оқылымда қарауға қабылдады. Ал 18 күрүйкейте Президент цифрлық даму бағыты бойынша жаңа ұйымдастыру шарасын жүзеге асырып, «Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің» «Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне» қайта құрды. Ұлттық банк цифрлық теңге енгізу бойынша пилоттық жобаларды белсенді жүргізуде. 15 күрүйкейте Мәжіліс қулауында банк өкілдері цифрлық теңгені есеп айырыста қолдану үшін заңнамалық база дайын екенін және сынақтардың сәтті өткенін Ұлттық банк төрағасының орынбасары Берік Шолпанқұлов хабарлады. Бұл құрал жақын арада нақты төлемдерде кеңінен пайдаланылуы мүмкін.

Осылайша, Жолдаудағы экономикалық міндеттерді орындау аясында елде цифрландыру, инвестиция тарту және қаржы секторын реформалау бағытында бірқатар қадамдар жасалды. Әлі де атқарылуы тиіс жұмыстар бар, алайда өткен жылда белгіленген жоспарлар бойынша нақты істеріміз болғаны айқын.

2024 жылғы Жолдаудағы бастамалардың іске асуы
экономикалық шолу

Макроэкономикалық көрсеткіштер

2024 жылы Мемлекет басшысы 5 пайыздық ЖІӨ өсімін қамтамасыз етуді міндеттесе, ресми есеп бойынша ЖІӨ нақты 5 пайызға өскені мәлім. І жартыжылдықта осу қарқыны артты. 2025 жылдың 7 айында экономика 6,3 пайызға ұлғайып, соңғы жылдардағы рекордтық көрсеткішке жетті. Нақты сектор 8,3 пайызға, қызмет көрсету 5,2 пайызға, көлік +22,5 пайызға, құрылыс +18,5 пайызға, сауда +8,6 пайызға, тау-кен +8,5 пайызға, ондеу өнеркәсібі +6,1 пайызға жетіп жетекші драйверлер болды. Халықаралық валюта жапы жетекші драйверлер болды. Халықаралық валюта жапы жетекші драйверлер болды. Халықаралық валюта жапы жетекші драйверлер болды.

Үкімет деректеріне сүйенетін болсақ, 2024-2025 жылдары елдегі сыртқы сауда мен ұлттық қордың жағдайы да тұрақты сақталуда. Қантар-маусымда экспорт өсіп, халықаралық резерв 100 млрд АҚШ долларынан асты.

Инвестициялар

2024 жылғы Жолдауда \$150 млрд шетелдік инвестиция тарту міндеттелсе, ESCAP дерегіне сүйенсек, 2024 жылы \$15,7 млрд таза тікелей инвестиция алып, Солтүстік және

Басы 1-бетте



ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жолдаудағы бастамаларды өзімізден бастап жүзеге асыру қажет екенін атап көрсетті.

Жасанды интеллект тек білім саласында ғана шектелмеуі тиіс, ол экономикада, денсаулық сақтау жүйелерінде және цифрлық деректерді сақтау саласында да белсенді қолданылуы керек. Осы бағыттағы жұмыстар туралы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлмырзаев баяндама жасады.

Нұрлан Құлмырзаев жолдаудың IT және ғылым саласындағы әріптестерге жана мүмкіндіктер сыйлайтынын, айтарлықтай қолдау білдіретінін айтты. Ол 2023 жылғы қыркүйектегі Жолдауда жасанды интеллект оқытатын университеттер пайда болуы тиіс деген ұсыныс барын еске салды және оның нәтижесінде Қорқыт ата университетінде Оңтүстік Кореяның Сеул университетімен қос диплом бағдарламасы әзірленгенін атап өтті.

– Студенттер екі жыл Қазақстанда, екі жыл Кореяда оқып, қос диплом алуға мүмкіндік алады. Жасанды интеллект – тек IT мамандарына арналған құрал емес, ол қоғамның барлық саласына қажетті жана экономикалық энергия, жана бөтұрыс. Ал біздің университет цифрлы технологияға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект – қолыңыздағы GPT тәрізді құрал ғана емес, цифрлы мәліметтермен жұмыс десеңіз. Қазіргі уақытта мәліметті өңдеуге арналған мамандар жеткіліксіз, сондықтан деректі сұрыптау арқылы алдағы 5-10 жылға стратегиялық жоспар құруға мүмкіндік бар. Ауыл шаруашылығында да жасанды интеллект арқылы өнімділікті арттыруға жол ашылады. Мәселен, агротехнологияда модельдерді оңтайландыру, алдын ала болжам жүйелерін енгізу секілді мәселелерге көмегі орасан зор. Осы орайда университет те студенттерге жасанды интеллектті оқыту мен оны жүйелі түрде қолдануға көмек көрсетуді мақсат етіп отыр, – деді Н.Құлмырзаев.

Қалалық жиында талқыланған негізгі бағыттардың қатарында инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін дамыту, ауыл шаруашылығын жана деңгейге көтеру, көлік-логистика және транзиттік дәліздер бағыты, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту – тұрақты дамудың негізгі факторлары ретінде айқындалды. Сондай-ақ кәсіпкерлерді цифрлық дамудың қозғаушы күші ретінде тарту, экономиканы жан-жақты жаңғырту және адам капиталын дамытуға қатысты жана міндеттер бойынша мәселелер қозғалды. Аталған жеті бағыт жүйелі түрде ашып көрсетілді. Олардың бірі – кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау.

– Кәсіпкерлік арқылы ел экономикасы өркендейді. Шағын және орта бизнес әрдайым дамып отыруы тиіс. Бұл импортты алмастыруға және жұмыссыздықты азайтуға сеп. Сонымен қатар Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» ҰКП

Басы 1-бетте

жүйесінде өңірлік платформа ретінде кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтын және нақты мәселелерін шешуге бағытталған қызметтер ұсынады. Мәселен, құқықтық және салықтық кеңес беру, мемлекеттік қолдау құралдарына бағыттау, субсидия, грант, жеңілдетілген несие және мемлекеттік бағдарламаларға сүйемелдеу барлығы қарастырылған. Экономикалық драйвер ретінде индустриялық аймақтарды дамытуға да ерекше назар аударылды. Қызылорда облысында қазіргі таңда алты индустриялық аймақ жұмыс істеп тұр. Аталған аймақтарда бүгінге дейін 65 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, олардың жалпы құны 160,5 млрд теңгеден асады. Бұл жобалардың 33-і іске қосылған, 32-і жүзеге асып жатыр. Жобалар толық іске қосылған жағдайда 2 000-нан астам жана тұрақты жұмыс орындары ашылады деп күтілуде. Жоғары технология мен инновацияға бағытталған инвестициялар, жасанды интеллектке негізделген өндіріс, Smart-жүйелер мен автоматтандыру, цифрлық ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп дамуыт қарқынды өсіп келеді. Қадрлық әлеует те назардан тыс қалмай, қысқа мерзімді мамандар даярлайтын ресурстық орталықтар ашылып, «Атамекен» мектеп компаниясының тәжірибесін кеңінен тарату бағыттары мен жастарды шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасу механизмі енгізілуде. Жолдауда көрініс тапқан тапсырмалар елімізге оң өзгерістер әкеледі, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірімұхаммед Сыздықов.

Қоғамда ең өзекті мәселелердің бірі – аналардың ролі. Ұрпақ тәрбиесі әрқашан басты назарда болады. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында қошбасшы ұрпақ тәрбиелеуде аналардың орны жоғары екені айтылды. Осы бағытта біздің өңірде бірнеше жобалар жүзеге асырылуда.

– Біртұтас қоғамды тәрбиелейтін аналар. Осы орайда тек әйел қауымы баланын тәрбиесіне жауапты демеі, әкелерге де арнайы клуб ашылды. Мәселен, «Сарбаздар анасы», «Салауатты ана», «Әкеге қарап үл өсер» сияқты бастамаларды қолға алдық. Бұл ұрпақ тәрбиесінде аналардың атқаратын ролін арттыруға бағытталған нақты жобалар, ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды қадамдар, – деді аналар кеңесінің төрағасы Айгүл Мұсабаева.

Жастар – қоғамның айнасы. Жастар саясатына қатысты Жолдауда айтылған мәселелер де талқыланды.

– Ғылымға, жас ғалымдарға берілетін гранттар мен ғылыми жобаларға қолдау көрсетудің маңызы ерекше. Биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде жарияланғандықтан, еңбек нарығына сұранысқа ие мамандықтарды даярлау, жұмысшы мамандықтарды даярлауға қолдау беру маңызды. Осы мақсатта жұмысшы мамандар форумы жоспарлануда. «Таза Қазақстан» жобасы да назардан тыс қалмайды. Қызылорда өңірі тазалықты насихаттау және экологиялық мәдениетті қалыптастыруда алдыңғы қатарда. Жастардың белсенділігі – елге қызмет етудің, Отанға деген құрметтің

көрінісі. Сондықтан өткен мен бүгінді, тарихымызды ұмытпау басты міндеттердің бірі. Аймақ басшысының жолдауымен биыл «Сыр жастары» бағдарламасы да іске қосылды. Бұл жастарымызға деген сенімнің нәтижесі – дейді қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек.

Мемлекет басшысының Жолдауы тек цифрландыру мен инфрақұрылымға ғана емес, ең алдымен қарапайым халықтың тұрмысын жақсартуға, елдің әлеуметтік тынысына бағытталған. Инвестиция тарту, жана жұмыс орындарын ашу, ауыл шаруашылығын игеру, жастарға мүмкіндіктер беру бәрі де ел игілігі үшін жасалған қадамдар.

Сонымен қатар Жолдауда ұсынылған тағы бір маңызды бастама – бір палаталы парламент құру мәселесі. Мұндай өзгеріс қоғамда жан-жақты талқылауды талап етеді. Президент бұл бастамамыз қоғамдық пікірге ұсынды және түпкілікті шешімді халықпен бірге қарастыру қажет екенін айтты. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы бұл ұсынысты жалпыұлттық референдум арқылы шешетін жол ұсынылып отыр. Бұл қадам елдің демократиялық дәстүрлерін нығайтуға оң әсерін тигізуі тиіс.

Президент жолдауы – біздің болашаққа нақты жоспарымыздың айқын көрінісі. Оны іске асыру – баршамыздың ортақ парызымыз.

Айдана БАХТИЯР

ҚАЛАНЫҢ БҮЛІНГЕНІ БӘРІМІЗГЕ СЫН

Қоршаған ортаға қамқор болу, жана қоғамның мәдениеті. Осы тұрғыда елімізде қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы халықты біріктіріп, ортақ іске жұмылдырып келеді.



Сырдың бас шаһары да бұл игі істен шет қалған жоқ. Сенбі сайын қала тұрғындары ұйымшылдық танытып, көшелерді қоқыстан тазалап, абаттандырып, ағаш отырғызып, шаһардың ажарын көркейтуге үлес қосуда. Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегі болуы керек. Бұл туралы Президент Қазақстан халқына Жолдауында атап айтты. Соңғы деректер бойынша елімізде 860 мың гектардан астам аумақ тазаланып, төрт миллионнан астам ағаш отырғызылған.

Сенбілікке біз де арнайы шықтық. Қолына күрек алып, ағаш отырғызып, қоқыс теріп жүрген жандардың еңбек қарқыны ерекше. Бірі топырақ тасып жүрсе, енді бірі

көшет отырғызып әлек. Көше бойы тазарып қалған.

– Қазіргі таңда елімізде «Таза Қазақстан» атты республикалық сенбілік кең ауқымда өткізіліп келеді. Бұл игі шара біздің өңірде де тұрақты түрде жалғасып, қала келбетін көркейтуге үлес қосуда. «Қызылорданың таза қала» атануы да осындай жүйелі тазалық жұмысының нәтижесі. Бүгін күнде әр мекеме ұжымы өз маңайын ретке келтіріп, сондай-ақ саябақтарда сенбілік шаралары жүргізілуде, – дейді сенбілікте жүрген Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Дархан Бахтияров.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

ҰСТАЗ

1973 жылы Жалағаш ауданындағы №119 «Жанаталап» сегізжылдық мектебінің директоры қызметінен «Аққұм» ауылындағы №38 «Шымбөгет» орта мектебіне директор болып, ауысып келгенімде Гүлжан Қаниева осы мектепте пионер ұйымының жетекшісі болып қызмет істейді екен. Кешегі Кеңес өкіметі заманында 14 жасқа дейінгі оқушыларды пионер ұйымының қатарына қабылдап, сол ұйымның ережесімен, тәртібімен жұмыс жасайтын жетекшісі аға пионер «вожатый» деп аталады. Ол осы ұйымның жұмысын аса бір қызығушылықпен, шын көңілмен, ізденіспен, білгірлікпен басқарды. Оқушыларды ізденімпаздыққа, қоғамдық жұмысқа жанашырлықпен қарауға үйретіп, үлгілі жетекші болды.

№38 «Шымбөгет» орта мектебі 1976-1977 оқу жылынан бастап, облыстың «Үлгі тірек» мектебі атымен таныла бастады. Осы уақыт аралығында білікті ұстаздар мен ізденімпаз мұғалімдер адал да қажырлы еңбектерімен облысқа, елге белгілі болды. Мектептің оқушыларға білім-тәрбие беру де іс-тәжірибесі облыс мектептеріне таратылып, арнайы көрнекілік шығарылды. Облыстық оқу бөлімі мен мұғалімдер білімін жетілдіру институты ұстаз тәжірибесін облыс

мектептеріне таратып мұғалімдердің іс-тәжірибесін көпке үлгі етіп, насихаттады. 1997 жылы облыстағы мектеп басшыларының осы мектепте арнайы семинары өтті. Гүлжан Қаниева осы жұмыстардың бәрінде белсенділік көрсетті.

Гүлжан Қаниева жас ұрпаққа өрелі білім, өнегелі тәрбие беруде қырық жылдан аса уақыт бір ұжымда қызмет етті. Қызылорда қаласындағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищенің, кейіннен педагогикалық институттың бастауыш класс оқыту методикасы мен педагогикасының үздік маманы болды.

Жаңа қоғамға лайықты, рухани жан дүниесі бай, дүниетанымы, талап-тағамы, білімі мен білігі жоғары, тұлға тәрбиелеуде ұстаз еңбегі қашанда ерекше. Кейіннен бастауыш сынып мұғалімдігіне ауысып, ұзақ жыл еңбек етті. Арнаулы орта білім алғаннан соң, педагогикалық оқуға сырттай оқып, оны ойдағыдай аяқтап, өз ісінің жоғарғы білімді тәжірибелі маманы болды. Мектепте қоғамдық ұйымды басқарды.

Гүлжан Қаниева жаны жайсаң, көңілі дархан, көркем мінезді, адамгершілігі биік жан еді. Қай қызметте де, қоғамдық жұмысты да беріле атқарып, артында өшпестей із тастап, замандастары



мен ұрпағына, өзін сыйлата білді. Ақын жанды, парасатты жанның, басшылық қызметі мен отбасының тәрбиесіне ел сүйсінді. Елге ақылшы атанып, жан-жағына нұрлы шуағын шашып жүруші еді. Еңбекке деген адалдығымен, ізденімпаздығымен зейнетке шыққанға дейін 1992-2002 жылдары №38 А.Бисенов атындағы орта мектеп директоры қызметін атқарды. Бұл кезең ел тарихында қиын кезең болды. Сонда да қиыншылықтарға қарамай ұжымды үлкен жетістіктерге бастай білді. Ұлағатты ұстаздың жарқын бейнесі әріптестерінің жадында мәңгі сақталмақ.

Әлихан МЕҢЛІБАЕВ
Қазақ ССР халық ағарту ісінің
озаты

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

Өткен аптада қалалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов арнайы қатысып, қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге атқарылып жатқан жұмыстардың барысын саралады. Отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер кеңес мүшелерінің қызу талқысына түсті.



Кеңес отырысына төралқа мүшесі Салқадиян Мырзабеков төрағалық етті. Алқалы жиынның маңыздылығын атап өткен қала әкімінің орынбасары Арнұр Әлібекұлы қоғамдық кеңестің халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуды оны ерекше екенін жеткізді.

– Құрметті кеңес мүшелері, әділетті әрі қуатты Қазақстанды құру жолындағы маңызды міндеттерді жүзеге асыруда сіздердің еңбектеріңіз айрықша. Жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлесе отырып, ортақ мәселелерді оң шешуге мүмкіндік мол. Кеңес жұмысына табыс тілеймін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жиын барысында бес маңызды мәселе қаралды. Алдымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы назарға алынды. Бұл бағыттағы ахуал жөнінде кеңес мүшесі Әрік Теңізбаев баяндама жасап, көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға қатысты бірқатар ұсыныстарды ортаға салды.

Келесі мәселе – «Қарасора – 2025» атты арнайы жедел профилактикалық іс-шараға арналды. Бұл жөнінде қалалық полиция басқармасының есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция капитаны Асылхан Абилақбаров ақпарат беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Сонымен қатар ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің

мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Нұржан Сүлейменов Қызылөзек және Ақжарма ауылдық округтерінде 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында көрсетілген мемлекеттік қызметтердің мониторингі бойынша баяндама жасап, нақты деректерді ұсынды.

Келесі кезекте қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева әлеуметтік қолдау шараларына қатысты мәслихат шешіміне енгізілетін өзгерістер жайында мәлімет берді. Ол мұқтаж азаматтарға көрсетілетін көмектің жаңа тәртібін және оның мөлшерлерін белгілеу мәселелерін түсіндірді.

Ал қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова «2025–2027 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу жобасын таныстырды. Баяндамашының айтуынша, алдағы үш жылға арналған бюджет жоспарында әлеуметтік сала мен инфрақұрылымға басымдық берілмек.

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы осылайша бірқатар маңызды тақырыптарды қамтып, нақты ұсыныстар мен шешімдерді қабылдауға негіз болды. Кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап қана қоймай, оларды тиімді жүзеге асыруға қатысты ой-пікірін білдірді.

Айдана БАХТИЯР

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 22196 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5959 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboyi@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінен шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 4019 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің aqmeshit-apталыgy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын

орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта);
400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);
Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

■ «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ҚЫРҚЫНШЫ
ҚАРА СӨЗ

Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.

Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, бірменен бірінің бітім қылмайтуғыны қалай?

Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтуғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтуғыны қалай?

Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, ұрпалық десе, табыла қоятыны қалай?

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтуғыны қалай?

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтуғыны қалай?

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтуғыны қалай?

Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, бағанағы досына бір бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Біреу біреудікіне келгенде үйдегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай?

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтуғыны қалай?

ЖАРҚЫРАП ӨТКЕН
БІР БЕЙНЕ...

Бүгінгі басқосу өткенге тағзым, бүгінге бағдар, келер ұрпаққа өнеге болар тағылымды шараның бірі болды. Конференцияны «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов жүргізді.

– Биыл Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлтымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл. Бұл ғасырлық белес Сыр өңірінің рухани әлеміне серпіліс тудырып, небір тарихи деректер жарыққа шығып жатыр. Егер осы жүзжылдық тарихынан бері қарай тін тарқатсақ, өлкенің өшпес шежіресін жасап, ұлт рухын көтеруде қажырлы қызмет еткен, талай құнды деректер қаттап, еңбек адамының мерейін өсірген баспасөз қатарында



қарымды журналист, ұлт руханиятының жанашыры Жақсылық Рахматулланың рухына тағзым етіп, қалдырған мұрасын ұрпаққа өнеге ету кейінгі ұрпақтың парызы екендігін жеткізді.

– Бүгін біз Сыр өңірінің баспасөз саласында қырық жылға жуық жемісті еңбек етіп, журналистика мен қоғамдық



«Сыр бойы» газетінің орны бөлек. 1929 жылы бірінші нөмірі жарыққа шыққан басылым енді төрт жылдан кейін өзінің жүз жылдық белесін бағындырады. 1979 жылы басылым өзінің 50 жылдығына орай мемлекеттік награда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ал 10 мыңыншы саны жарыққа шыққанда Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің төрақасы газетті республика жоғарғы кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапаттады, – деді Қуат Әбішұлы.

Жиынға мемлекет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, қаламгердің туған-туыстары қатысты. Конференцияда сөз алған облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров ғасырға жуық тарихы бар «Сыр бойы» газетінің қоғам өмірінде орны ерекше екендігін айта келіп, қарымды қаламгер Жақсылық Рахматулланың еңбек жолына тоқталды. Баспасөз саласында 40 жылға жуық жемісті еңбек етіп, «Сыр бойы» газетін 12 жыл басқарып, журналистиканың дамуына сүбелі үлес қосқан қаламы

ойдың өркендеуіне айрықша үлес қосқан қаламы қарымды журналист, ұлт руханиятының жанашыры Жақсылық Шайманұлы Рахматулланың 80 жылдық мерейтойына арналған «Қиясы биік қаламгер» атты ғылыми-танымдық конференцияда бас қосып отырмыз.

Жақсылық Шайманұлы өз дәуірінің шежіресін жазған қаламгер. Сыр елінің тыныс-тіршілігін, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін газет жазбаларына арқау етіп, журналистиканы халыққа қызмет етудің шынайы құралына айналдырды. Оның шығармаларында өмірдің өзекті мәселелері, қоғамды алға бастайтын ой-пікірлер өрбіді. Қызмет жолында баспасөздің түрлі салаларында еңбек етіп, жас журналистердің өсіп жетілуіне ықпал етті, – деді Артур Раушанбекұлы.

Жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова қаламгердің «Дала толғауы» атты туындысының мазмұнын тарқатып тәжірді.

Басы 1-бетте

Шахаризадаханым БАТЫРХАНОВА:

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ӨМІРШЕНДІГІНЕ СЕНЕМІН

Бүгінгі таңда ұлттық өнер өзінің мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Қайта жаңғырып, ұлттық болмысымызды айшықтай түседі. Мәселен, Шахаризадаханым Батырханова табиғи жүннен тақия басып, оны заманауи деңгейде дәріптеп жүр. Оның еңбегі жай ғана бұйым жасау емес, ұмыт болып бара жатқан өнерді қайта жаңғырту, жастарға үлгі ету.

Шахаризадаханым табиғи жүннен тақия басуды өзінің сүйікті ісіне айналдырған. Оның колөнерге деген құштарлығы бала кезінен бастау алған. Бүгінде ол ұлттық мұраны дәріптеуді өмірлік мақсат етуде. Ол үшін колөнер жай ғана әуестік емес, жүрек қалауымен жасалатын өнер. Табиғи жүннен тақия басу ісін ол ине қолданбай, дәстүрлі әдіспен жүзеге асырады. Өр бұйымды ерекше ықыласпен жасап, оған ұлттық ою-өрнек, әсемдік пен мән-мағына береді. Оның айтуынша, табиғи жүннен жасалған бас киім денсаулыққа пайдалы, әрі әдемі, әрі ыңғайлы. Шахаризадаханым бұл істі кәсібіне де, хоббиіне де айналдырған. Ол қолынан шыққан әр тақияны ұлттық болмысымыздың бір бөлшегі деп санайды. Сондықтан әр туындысын өзгеше өрнектеп, қайталанбас нақышта безендіреді. Шахаризадаханым колөнерді тек өз шеберханасында ғана емес, өзгелерге үйретуді де басты мақсаттарының бірі санайды. Жақында ол «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында өткен көрмеге қатысып, өзінің еңбектерін көпшілік назарына ұсынды. Бұл көрмеде оның табиғи жүннен ине қолданбай жасаған тақиялары ерекше қызығушылық тудырған. Шебердің ой бастауы өзіне тәлім-тәрбие, білім берген №143 мектеп болды. Ол мектебіне арнайы барып, оқушыларға шеберлік сабағын өткізген. Сабақ барысында оқушылар табиғи жүннен тақия басудың қыр-сырын үйреніп қана қоймай, ата-баба дәстүріне деген құрметті сезінген. Шахаризадаханым үшін бұл тәжірибе өнерді дәріптеумен қатар, жас ұрпақтың ой-өрісін дамытуға бағытталған ұлкен қадам. Ол оқушыларды әсемдікке баули отырып, эстетикалық талғамын жетілдіруді көзделді. Өзінің айтуынша, жас ұрпақ ұлттық өнерге құштар, жан-жақты талантты болып шықты.

– Болашақ жастардың қолында. Ұлттық өнерді жалғастыруға олар дайын болуы керек. Сол үшін біз қолымыздан келгенше бағыт беріп, дәстүрімізді дәріптеуіміз қажет, – дейді ол.



Шахаризадаханымның еңбегі тек туған ауылында ғана емес, алыс шет елдерде де бағаланып үлгерді. Өнерге деген адалдығы мен ұлттық нақыштағы тақиялары оған күтпеген қуаныш сыйлады.

– Былтыр Астанада өткен Димаш Құдайбергеннің кешіне арнайы бардым. Бұл кешке барудағы мақсатым – тек ән тыңдау ғана емес, өзімнің жасаған бұйымдарымды әлемнің түкпір-түкпірінен келген көрермендерге көрсету еді. Тілегім қабыл болып, сахнаның алдыңғы қатарынан орын алдым. Басымда өзім жасаған тақия. Бір сәтте арқа жағымнан шетелдік қонақтар түртіп, «Сіздің басыңыздағы бас киім ерекше екен, қайдан алғаныңызды айтып бересіз бе?» деп сұрады. Осы сәтте ұлттық өнердің құдіретін шетелдіктердің қызығушылығынан-ақ байқауға болатын еді.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Әлімсақ» журналының ұйымдастыруымен дүниежүзілік теңіз күніне орай ұстаз, аралдық акын Өтебай Серәлінің «Теңіз әңгімелері», «Жырлайды теңіз жырлайды» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараға акын-жазушылар, зиялы қауым, жастар, студенттер және кітапхана оқырмандары қатысты. Тағылымды шараны «Ұстаз мәртебесі» және «Әлімсақ» журналының редакторы Нұрлан Көбегенұлы жүргізді.

ТЕҢІЗБЕН ЖАНЫ
ЕГІЗ ҚАЛАМГЕР

Кеште сөз алған ардагер, инженер-гиротехник Әлібек Сабырбаев, халықаралық Жазушылар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еркін Әбілов, өзгеде кеш қонақтары бүгінгі оқырман олжасына айналған туындылар жайлы жылы лебізімен бөлісіп, қаламгердің шығармашылығына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, ардагер-ұстаз Өтебай Серәлі ұстаз ғана емес, шығармашылық өкілі. Аралдың асау толқынындай өршіл жырларымен елді тәңті еткен қаламгердің бұған дейін 2018 жылы «Қараулек» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. Өз оқырманымен қауышқан автордың бүгінгі «Теңіз әңгімелері» атты прозалық жинағына 12 әңгімесі мен бір хикаяты еніп отыр. Ал «Жырлайды теңіз, жырлайды» атты өлеңдер жинағы үш бөлімнен тұрады. Жастық шақ, теңіз туралы өлеңдері топтастырылған жыр жинағына балалық, жастық кезеңнен бастап өзі өмір сүрген ортасы, өмірден түйген әсері ерекше иіріммен бейнеленіп, оқырманға жылы әсер сыйлайды. Қаламгердің жинақтарында теңізбен байланысты адамдар тағдыры терең баяндалады.

Мен Аралмын, Теңірінің сыйы болып жаралдым, Алтын күннің шуағынан нәр алдым. Жер-әженің топырағында сайран сап, Нұрлы дүние шұғыласына орандым.

Мен Аралмын, Әбдіжәмілмін, жүзге келген абызын, «Қан мен термін» және «Сонғы парызын». Еламан боп, Жәдігер боп айтылдым, Адам ата ұрпақтары қарызың, –

деп жырлаған жалынды акын жырында туған жерге деген асқақ сезім, терең махаббат, перзенттік тебіреніс жатыр. Өлеңде карт Аралдың қазіргі қасіретті бейнесі де ерекше толғаныспен жырланған. Тұсаукесерде теңіз туралы ән шырқалып, бейнефильм көрсетіліп тағылымды кештің шырайын ашты. Теңізбен жаны егіз қаламгердің прозалық шығармасы сахналанып, поэзиялық туындылары оқылды. Шара соңында «Теңіз – тіршіліктің бесігі» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Мен олардың сұрағына мақтанышпен жауап беріп, тақияны өзім жасайтынымды айтқанда, танданыс одан сайын артты. Олар әлеуметтік желідегі паракшамды жазып алды. Кейіннен тапсырыс берді. Осылайша, Американың бірнеше штаттарына қазақтың колөнерін жеткізуге мүмкіндік туды, – дейді Шахаризадаханым Батырханова.

Бұл ғана емес, ол сол кеште қазақ өнерінің мақтанышы Димаш Құдайберген мен қарындасы Раушан Құдайбергеноваға арнайы сый ретінде колөнер туындысын тарту еткен.

Шахаризадаханым тек тақия басумен ғана шектеліп қоймайды. Ол тоқыма тоқу ісімен де айналысады.

– Бұл өнердің де қазақ тұрмысында өзіндік орны бар. Бұрын-дары жаңа туған сәбиіге тоқыма киім кигізу ата-бабадан келе жатқан дәстүр еді. Мұның себебі де тереңде. Жүнінен тоқылған киім баланың денесін тітіркендіріп, сол арқылы қимылдап, өмірге тез бейімделуіне ықпал ететін болған. Тоқыма тоқу тек қолдың икемділігін ғана емес, жанның тыныштығын да қажет етеді, – дейді ол.

Шахаризадаханым осы ұмыт бола бастаған дәстүрді қайта жаңғыртып, тоқыма бұйымдарын да әсемдік пен мән-мағына бере отырып жасайды. Осылайша ол табиғи жүннен бұйым жасаудың түрлі тәсілдерін меңгеріп, бірін-бірі толықтыратын өнер салаларын ұштастырып келеді. Бұл оның колөнерге деген құштарлығының кендігін, дәстүрді сақтаудағы талпынысын айқын көрсетеді.

«Өнер – таусылмас қазына, жұтамас байлық» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Бүгінгі таңда ұлттық колөнерді жаңғырту тек әсем бұйым жасау емес, халықтың тарихын дәріптеп, рухани құндылығын сақтап қалу. Шахаризадаханым осы жолда аянбай еңбек етіп келеді. Әлемнің алыс қиырындағы адамдардың өзі қазақтың колөнеріне қызығып, баға беріп жатқаны өнердің шекарадан тыс құдіретін дәлелдейді. Бұл – бір адамның еңбегі арқылы құллі халықтың мәдениеті танылып жатқанын көрсетеді. Шахаризадаханымның басты мақсаты жастардың бойына ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ұялату. Ол шеберлік сабақтарын өткізіп, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарды бағалауға баулиды. Өйткені болашақ – жастардың қолында. Егер жас ұрпақ ата-баба өнерін қастерлесе, онда халқымыздың мәдениеті ешқашан ұмытылмайды.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау болмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

ГАЗЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАЛАҒАН ӘДІЛХАН БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі № 4А.
Таралымы 4019 Тапсырыс №1606

Нөмірдің кезекші редакторы Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА